

Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 14/3-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 наурызда № 27064 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Зырян ауданының мәслихатының "Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5149 болып тіркелген);

2) Алтай ауданының мәслихатының "Зырян ауданының мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI "Зырян ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 24 маусымдағы № 68/2-VI шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7279 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Л. Гречушникова

Алтай ауданының
мәслихатының
2022 жылғы 4 наурыздағы
№ 14/3-VII шешіміне
қосымша

Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,85 2,25

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,75
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,76
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,82
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,58
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,71
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,35
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,89
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,4
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,09
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,075
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,65
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,22

17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,15
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,95
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,95
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,42
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,1
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,2
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,3
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,3
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,8
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,4
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,65
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25